

**Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 431 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 9

м а м ы р д а ғ ы

№ 4 3 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекеттер басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңесінің 2009 жылғы 27 қарашадағы № 17 шешімімен қабылданған Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарттың ережелерін негізге ала отырып,

кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарларға қатысты кедендік транзит кедендік рәсімін қолдануды қамтамасыз ету мақсатында ,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісім кеден одағының кедендік аумағы бойынша темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктерін айқындайды және жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін тауарлар мен көлік құралдарын өткізуіне байланысты құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

## 2-бап

Осы Келісімде мынадай терминдер пайдаланылады:

1) ХЖҚК - 1951 жылғы 1 қарашадағы Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісім ;

2) темір жол — тауарларды темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымы ;

3) кеден одағының темір жолы - ХЖҚК-ға сәйкес кеден одағына мүше мемлекеттердің бірінің аумағы шегінде тауарларды темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын кеден одағына мүше мемлекеттердің ұйымы;

4) темір жол жүкқұжаты - ХЖҚК-ның темір жол жүкқұжаты немесе ХЖҚК-мен көзделген ЦИМ/ХЖҚК темір жол жүкқұжаты.

Осы бапта аталмаған өзге терминдер, кеден одағының заңнамасында белгіленген мәндерде пайдаланылады.

## 3-бап

Тауарларды темір жол көлігімен тасымалдау кезінде транзиттік декларация ретінде темір жол жүкқұжаты (жол ведомосінің қосымша даналары - жөнелтуші және межелі кеден органдары үшін), коммерциялық немесе кеден одағының заңнамасында белгіленген мәліметтері бар кедендік құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

Темір жол жүкқұжатын және коммерциялық құжаттарды транзиттік декларация ретінде пайдаланған жағдайда транзиттік декларацияның негізін темір жол жүкқұжаты құрайды, ал қалған коммерциялық құжаттар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Бір транзиттік декларация бір жөнелтушіден бір алушының атына бір межелі станцияға бір темір жол жүкқұжаты бойынша тасымалданатын тауарлардың легіне ресімделеді .

Транзиттік декларацияны беру жөнелтуші кеден органына оның электронды

көшірмесін берумен қатар жүруге тиіс.

Егер декларант ретінде кеден одағының темір жолы түсетін және транзиттік декларация ретінде кедендік құжат ұсынылатын жағдайда кеден одағының темір жолы транзиттік декларацияға Кеден одағының комиссиясы белгілеген тәртіппен станцияның жауапты қызметкерінің қол қоюымен куәландырылған күнтізбелік мөртабанның б е д е р і н қ о я д ы .

Егер декларант ретінде кеден одағының темір жолы түсетін және транзиттік декларация ретінде темір жол жүкқұжаты және коммерциялық құжаттар ұсынылатын жағдайда кеден одағының темір жолы жол ведомосінің қосымша даналарына күнтізбелік мөртабанның бедерін қояды. Күнтізбелік мөртабан қойылған жол ведомосінің қосымша данасы кеден одағы темір жолының кедендік транзит кедендік рәсімінің декларанты ретінде түсу өкілеттігін растайтын құжат болып табылады.

Кеден одағының кедендік аумағына келу орнындағы кеден органынан осы аумақтан кету орнындағы кеден органына дейін шетелдік тауарларды темір жол көлігімен өткізу кезінде кедендік транзиттің кедендік рәсімін қолданған жағдайда транзиттік декларацияда тауарлардың құны туралы мәліметтерді көрсету талап етілмейді.

Егер межелі кеден органына жеткізілмеген тауарларға қатысты төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың сомасын анықтау кеден органдарында олардың құны туралы нақты мәліметтер болмағандықтан мүмкін болмаса, кедендік баждардың, салықтардың сомалары кедендік баждардың, салықтардың ставкаларының, сондай-ақ қолда бар мәліметтердің негізінде айқындалуы мүмкін тауарлардың санының және ( немесе) құнының көп шамасы негізінде айқындалады.

Кейіннен тауарлардың құны туралы нақты мәліметтерді анықтаған кезде кедендік баждардың, салықтардың артық төленген немесе артық өндіріп алынған сомасын қайтару не кеден одағының кеден кодексіне сәйкес төленбеген соманы өндіріп алу жүргізіледі.

#### **4-бап**

Жөнелтуші кеден органдары кедендік бақылау мақсаты үшін коммерциялық және тасымалданатын тауарларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, оларды ұсыну кеден одағының кеден заңнамасында көзделген өзге құжаттарды ұсынуды талап етуге қ ұ қ ы л ы .

Қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда жөнелтуші кеден органдары шекаралық темір жол станцияларында, оның ішінде оларды кеден одағының кедендік аумағынан тысқары қайтару мақсатында тауарларды тасымалдаушы халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын ұстауға құқылы.

#### **5-бап**

Кедендік транзиттің мерзімін ХЖҚК ережелерін ескере отырып, кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес жөнелтуші кеден органы белгілейді.

Кедендік транзиттің мерзімін белгілеу кезінде сорттау станцияларында құрамдарды таратуға, көлік құралдарын техникалық жөндеуге және бақылаушы органдар жүргізетін операцияларға байланысты жүру жолында көлік құралының ықтимал кешігулері ескеріледі.

## **6-бап**

1. Түсіру, қайта тиеуге (қайта аударуға) және темір жол көлігімен тасымалданатын тауарлармен және халықаралық жол тасымалының көлік құралдарына салынған кедендік пломбаларды және мөрлерді алумен байланысты емес өзге де операцияларға, не егер халықаралық тасымалдаудың көлік құралына кедендік пломбалар мен мөрлер салынбаса, қызмет аймағында тауарларды қосымша тиеу жүзеге асырылатын кеден органын алдын ала хабардар еткеннен кейін жол беріледі. Хабарлама кеден одағы темір ж о л ы н ы ң :

транзиттік декларацияның нөмірі;  
жөнелтуші кеден органы және межелі кеден органы;  
жүк операциясы жүргізілетін темір жол станциясы;  
контейнердің нөмірі (тауарлар контейнерлерде тасымалданған жағдайда) туралы мәліметтер бар, еркін нысандағы жазбаша өтінішті байланыстың жедел арналары бойынша осы кеден органына беруін білдіреді.

Өтінішке кеден одағы темір жолының уәкілетті лауазымды тұлғасының қолы қ о й ы л ғ а н б о л у ы т и і с .

2. Жүк операциясы жүзеге асырылғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей кеден одағының темір жолы қызмет аймағында жүк операциясы жүргізілген кеден органына байланыстың жедел арналары бойынша кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жалпы нысандағы актінің көшірмесін жолдайды.

Жалпы нысандағы актінің бірінші данасы теміржол жөнелтпе құжатына қоса беріледі және кеден одағының темір жолы межелі кеден органына ұсынады.

Қызмет аймағында жүк операциясы жүргізілген кеден органына транзиттік декларацияны, көліктік (тасымалдау) құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

3. Жалпы нысандағы актінің көшірмесін алған күннен бастап бір тәуліктен кешіктірмей қызмет аймағында жүк операциясы жүргізілген кеден органы байланыстың жедел арналары бойынша межелі кеден органына жүк операциялары туралы ақпаратты, соның ішінде ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жолдайды.

## **7-бап**

Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде өз міндеттерін орындамағаны үшін ХЖҚК-ға сәйкес тауарларды тасымалдауға қабылдаған кеден одағының темір жолы аумағына тауарлар әкелінген кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

## **8-бап**

1. Егер кедендік транзит кедендік рәсімінің декларанты кеден одағының темір жолы болып табылса, кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндет:

1) тауарларды транзиттің кедендік рәсімімен орналастыру үшін жөнелтуші кеден органына транзиттік декларацияны беретін кеден одағының темір жолында - жөнелтуші кеден органы транзиттік декларацияны тіркеген сәттен бастап;

2) кеден одағының басқа темір жолынан тауарларды тасымалдауға қабылдайтын кеден одағының темір жолында ХЖҚК-ға сәйкес кеден одағының басқа темір жолынан тауарларды тасымалдауға қабылдайтын кеден одағының темір жолы қабылдаған сәттен б а с т а п т у ы н д а й д ы .

2. Кеден одағы темір жолының кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша м і н д е т і :

1) ХЖҚК-ға сәйкес кеден одағының басқа темір жолына тауарларды тасымалдауға беретін кеден одағының темір жолында - кеден одағының басқа темір жолы тауарларды тасымалдауға қабылдаған сәттен бастап;

2) Кеден одағы кеден кодексінің 227 немесе 228-баптарында белгіленген жағдайларда тоқтатылады .

3. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу мерзімі, сондай-ақ олар төленуге жататын мөлшер Кеден одағының кеден кодексімен айқындалады.

4. Егер кедендік транзит кедендік рәсімінің декларанты кеден одағының темір жолы болып табылмаса, темір жол кедендік транзит кедендік рәсімінің декларантымен кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша бірдей жауаптылықта болады.

## **9-бап**

Тауарлар межелі кеден органына жөнелтуші кеден органы белгілеген кедендік транзит мерзімінде жеткізілмеген кезде кеден одағы темір жолдарының кез келгені кеден органының талабы бойынша іздестірілетін тауарлар туралы ақпаратты ұсынады.

Талап және ақпарат жазбаша нысанда да, ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып та ұсынылуы мүмкін.

## **10-бап**

Кедендік транзит кедендік рәсімдерін аяқтау үшін межелі кеден органының станциясында транзиттік декларациясы, сондай-ақ тасымалдаушыда бар басқа құжаттар болмаған жағдайда межелі кеден органына оған сәйкес кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтаумен байланысты кедендік операцияларды жасауы мүмкін кеден одағының темір жолымен шарт жасасқан тұлға ұсынуы мүмкін.

## 11-бап

Тараптар олардың арасында осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе пайдалануға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелерді консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

## 12-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 13-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы \_\_\_\_\_ хаттамамен \_\_\_\_\_ айқындалады.

2010 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Кеден одағының комиссиясы депозитарийінің функциялары берілгенге дейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарийде сақталады.

Депозитарий әрбір Тарапқа осы Келісімнің куәландырылған көшірмесін жолдайды.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>